

**Түркістан облысының білім басқармасының  
Төлеби ауданының білім бөлімінің «Балаби»  
бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорны.**

**2023-2024 оқу жылының Педагогикалық  
кеңестің хаттамалары**

## **Педагогикалық кеңестің хаттамалары**

### **№1 хаттама Жаңа оқу жылы**

**Откізілген орны:** "Балаби" бөбекжайы

**Откізілген күні:** 31.08. 2023 жыл.

**Педкенес мүшелерінің барлығы:** 13 адам

**Қатысқаны:** 13 адам

**Қатыспағандар саны:** жок

**Қатысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова, әдіскер, және бөбекжай тәрбиешілері

**Педкенестің басталуы:** 13.20.

**Жұмыстың аяқталуы:** 14.50.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыру

2. 2023 -2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

3. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музика, дене шынықтыру оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарды, күн тәртібін және үлгілік оқу жоспарын бекіту.

4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.

5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы органды құру сапасын талдау.

6. Аттестатталатын педагогтар

7. Әр түрлі мәселелер (381 бүйрықпен таныстыру)

Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

**Сөйлемді:** Педагогикалық кеңесті бөбекжай менгерушісі Ахметова Лаззат Абдиқалыққызы ашып беріп, педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

**Тындалды:** Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2023 – 2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. Жаңа стандартта оқу қызметтерін өткізуде көп өзгерістер енгізілгенін түсіндіріп, ұйымдастырылған іс – әрекеттің қалай жүргізілетіні туралы айтты. Апталық жүктемелер болмайтынын, балалармен ойын түріндегі іс –

әрекеттер өткізу жайлы түсіндірді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде де не туралы айтылғаны, қандай бағыттар берілгені жайлы айтып, түсіндіру жұмысын жүргізді. Биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта жаңа стандарт пен модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айтылғанын, ұйымдастырылған іс – әрекеттерді ойын түрінде, сонымен қатар жаңа технологиялар қолдану арқылы өткізуге тапсырма берді.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші Есимбаева Орынкул іс - әрекетті ойын түрінде өтудің жолдары туралы сұрап койды.

**Сөйлемді:** әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, ойын түріндегі ұйымдастырылған іс – әрекет туралы сұрапқа жауап беріп, үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттер бойынша перспективалық жоспар құрылатынын, міндеттерді орындау үшін балаларды ойната отырып, балаларды дамытып, құнделікті іс –әрекеттерді кіріктіріп өту керектігін айтты. Ұйымдастырылған іс – әрекетке жүктеме, сабак кестесі болмайтынын түсіндірді.

**Тәрбиеші** Адишева Замира сөйлеп, ойын аймақтарын толықтыруға, тағы да жаңа ойыншықтар қосуға ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

**Тыңдалды:** Күн тәртібінде каралатын екінші мәселе бойынша бөбекжайдың менгерушісі Ахметова Лаззат Абдикалыккызы сөйлеп, бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыруды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оқу тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ашық оқу қызметтерінің, ертеңгіліктердің, баяндама, кенестер, шебер сыныптардың тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оқу жылында жаңа стандартпен оқу қызметтерін өткізуге әдістемелік көмек ретінде шебер сыныптар тақырыптары қосылғанын айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан бекітуге ұсыныс айтты.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай тек қана мектепалды даярлық тобының іс – әрекет кестесімен, перспективалық жоспармен, күн тәртібімен таныстырып бекітуге ұсыныс айтты. Сонымен қатар апталық циклограмма жазу үлгісіне тоқталып, айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші Асемова Назгүл сөйлеп, ұйымдастырылған і – әрекет кестесі болмаса, онда құнделікті оқу қызметін қалай үлгеруге болады деген сұрап койды.

Тәрбиеші Қамытбекова Ұлбосын сөйлеп, кіріктіріп өткенге «Тәй – Тәй» технологиясына ұқсатып, ойын аймақтарын жасап, дамытушы ортаға ойындарға арналған материалдар жасайық деген ұсыныс айтты.

Әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, «Түрлендірілген, кіріктірілген дидактикалық ойында» байқауын

Ұйымдастырық деген ұсыныс айтты. Ұсыныстарды педагогтар қолдап, пікір білдірді.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша медбике Токтыбаева Дина сөйлеп, жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрғаны туралы анықтама берді. Талап бойынша дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептикердің, жеке қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекжай гимаратының баска жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

**Жарыссе зге шыққандар:** бөбекжайдың менгерушісі Ахметова Лаззат Абдикалыккызы сөйлеп, тазалық талаптары туралы айтты.

**Тыңдалды:** Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйледі. Балалардың жан –жақты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытушы ойыншықтар бұрыштарының толық емесін айтып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, балабақшадағы педагогтердің аттестациядан өтуге өтініштерін қарап, аттестациялаудың ережесімен танысып шығуға кеңес берді.

**Жарыссе зге шыққандар:** бөбекжайдың менгерушісі Ахметова Лаззат Абдикалыккызы сөйлеп, аттестаттаудан өтетін педагогтардың құжаттарын тексеріп, педагогтерге алдағы тесттен өтуге сәттілік тіледі.

#### **Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы № 348 бүйрүғымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 каулысында көрсетілген талаптар орындалсын.
2. 2023-2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музика, дене шынықтыру оқу қызметінің кестесі, перспективалық жоспар, күн тәртібі және үлгілік оқу жоспары бекітілсін.
4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру дидактикалық материалдармен толықтырылсын.
6. 2023-2024 жылы аттестациядан Саурамбаева М өтсін. Аттестациядан өтетін педагогтардың құжаттары толықтырылсын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:**  
**Хатшы:**



**Ахметова Л.А**  
**Саурамбаева М.Б**

## **Педагогикалық кеңестің хаттамалары**

### **№2 хаттама**

**Откізілген орны:** "Балаби" бөбекжай-бақшасы

**Откізілген күні:** 24.11. 2023 жыл.

**Педкенес мүшелерінің барлығы:** 13 адам

**Қатысқаны:** 13 адам

**Қатыспағандар саны:** 0 Себепті: 0 Себепсізі: жок

**Қатысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Л.А.Ахметова, әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және тәрбиешілері

Педкенестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.40.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

Денсаулық сактау құзыреттілігін дамыту

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2.«Денсаулық» білім саласы бұрышының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы. Байқаудың корытындысы

3. Тақырыптық бақылау «Дене шынықтыру оку қызметінің откізілу барысы» Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында

4. Шебер сынып. «Дене шынықтыру технологиялары» Алшымбаева Э.

**Тыңдалды:** Педкенесті бөбекжай менгерушісі Ахметова Ләzzат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** Бөбекжайдың әдіскері Саурамбаева Майра Бекеновна күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен педкенес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

**Сөйлемді:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Ахметова Ләzzат Абдикалыққызы сөйлеп, Денсаулық» білім саласы бұрышының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы бойынша қорытынды жасады. «Денсаулық» білім беру саласының бұрышының барлық топтарда толықтыруды қажет ететінін айттып, бала санына спорттық құрал – жабдықтардың жеткілікті емес еkenін айтты. Тәрбиешілердің өздері кейбір құралдарды, жалаушаларды, таяқшаларды, түймелі кедір – бұдырлы кілемшелерді қолдан жасауға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы еkenін атап өтті.

**Жарысқосынға шыққандар:** тәрбиеші Адишева Замира сөйлеп, спорттық құрал – жабдықтардың кейбіреулерін қолдан жасау жақсы ой еkenін айттып қолдады.

Әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна спорттық құрал – жабдықтарға, дидактикалық материалдарға аудандық білім бөліміне сұраныс берсек деген

ұсыныс айтты. Таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы дәрежеде жинақталғанын айтты. Айтылған ұсыныстарды педагогтар түгел қолдады.

**Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна Ортанғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында «Дене шынықтыру оқу қызметінің өткізілу барысы» атты тақырыптық бақылаудың қорытындысы туралы айтты. Дене шынықтыру қызметі барлық топтарда аптасына 3 сағат жоспарланғанын, мектепалды даярлық тобында 0,5 сағаты қауіпсіз міnez – құлық негіздері оқу берілген деді. Жоспар, кесте бойынша оқу қызметтері өтілуде және балалардың спорттық формалары ата – аналардың көмегімен жинақталған, әр баланың өз қалтасында салынып тұрғанын айтты. Оқу қызметтерінің өткізілу тәртібіне бақылау жүргізгенімде тәрбиешілер оқу қызметінің құрылымын біледі, тәрбиеші де, балаларда спорттық форма киді, негізгі қимылды үйреткенде қауіпсіздік ережесін сактап, тәрбиеші көмекшісі екеуі бірге жүргізді деді. Ал кемшілік жиберілген, мыс: форма толық болмай қалған, секіру жаттығуының өлшем мөлшері сакталмай қалған, ескі негізгі қимыл қайталаңбай тұрып, жаңа қимылды үйретуді бастаған тәрбиешілерге сол уақытында ескерту айтылып, аныктамаға жазылды деді.

**Жарыссөзге шыққандар:** медбике Токтыбаева Дина бала денсаулығына дene шынықтыру кезінде салмақ салынбау туралы айтып, оқу қызметтеріне жақсы өтіліп жатыр деп өз пікірін білдірді.

**Менгеруші** Ахметова Ләzzat Абдикалыққызы дene шынықтыру бойынша тақырыптық бақылау туралы және оқу қызметтерінің өтілуіне жақсы деген баға беретінін айтты.

**Сөйледі:** Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша «Дене шынықтыру технологиялары» тақырыбында тәрбиеші Л.Байзакова шебер сынып өткізіп, дene шынықтыру оқу қызметінің технологиялары туралы өз тәжірибесімен бөлісті. Халық педагогикасымен байланыстырып, ұлттық ойындарды қалай өтуге болатыны және оқтаумен қалай жаттығу жасайтыны жайлы педагогтармен жұмыс жүргізді.

### **Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. «Денсаулық» білім беру саласы бұрышының толық жабдықталуы үшін түймелі кедір – бұдырлы жолдар, жалаушалар, таяқшалар жасалынсын және білім бөліміне спорттық құрал – жабдықтарға сұраныс берілсін, таңертеңгілік жаттығулар кешенін, сергіту жаттығулар, үйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы деп бағалансын.
3. «Дене шынықтыру және қауіпсіз міnez – құлық негіздері оқу қызметтерінің барысы атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, ортағы топтағы балалардың спорттық формалары толықтырылсын.

4.«Дене шынықтыру технологиялары» тақырыбындағы шебер сыйнапта айтылған мәселелер оқу қызметтерінде қолданылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Л.А.Ахметова

М.Б.Саурамбаева

## **Педагогикалық кеңестің хаттамалары**

### **№3 хаттама**

**Откізілген орны:** "Балаби" бөбекжай-бақшасы

**Откізілген күні:** 24.01. 2024 жыл.

**Педкенес мүшелерінің барлығы:** 14 адам

**Қатысқаны:** 14 адам

**Қатыспағандар саны:** 0

**Катысқандар:** Бөбекжай-бақшасы басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, және бөбекжай-бақшасы тәрбиешілері

**Педкенестің басталуы:** 13.30.

**Жұмыстың аяқталуы:** 14.50.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

Танымдық, әлеуметтік, шығармашылық, коммуникативтік - тілдік күзыреттілікті дамыту

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. Дөңгелек үстел

**Үлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену. 2022 жылғы 9- қыркүйектегі № 394 бұйрығы**

3. **Шебер сынып:** «Ойын ойды өсіреді » ұйымдастырылған іс-әрекетте трансформацияланған ойын әдісін қолдану.

4. Балалардың жарты жылдық білімінің корытындысы

Регламент: Дөңгелек үстел 40 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут.

Шебер сыныпқа 15 минут. Анықтама беру 10 минут. Тренинг 10 минут

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

**Сөйлемді:** Педкенесті бөбекжай –бақшасы басшысы Ахметова

Лаззат Абдикалыққызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Тындалды:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшасының әдіскері Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, өткен педкенес шешімдерінің орындалуы туралы акпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйлемді: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлеп, 2022 жылғы 9- қыркүйектегі № 394 бұйрықпен бекітілген «Үлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізben пікір алmasып, дөңгелек үстел өткізілетінін айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиешілер Женсикбаева Майра ,

Шамшиева Камшат өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын мектепалды даярлық «Ботақан» тобы бүлдіршіндері жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағыларын менгерулері қажет екенін айттып берді.

Мектепалды даярлық «Балапан» тобының тәрбиешілері Алшымбаева Эльмира, Есимбаева Орынкул сөйлеп, өздері оқу қызметтерін өткізетін

балалармен үлгілік оку бағдарламасы бойынша жас ерекшеліктеріне қарай кандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы ерекшеліктерін атап етті.

Тәрбиешілер Алшымбаева Эльмира, Есимбаева Орынкул мектепалды даярлық топтары бұлдіршіндеріне үлгілік оку бағдарламасы бойынша нені менгерту керек екені жайлы айтты.

Тәрбиешілер Байзакова Лаура, Адишева Замира ортаңғы тобының үлгілік оку бағдарламасының міндеттері жайлы сөйлемеді. Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оку бағдарламасы бойынша бұлдіршіндерге нені менгерту керек екендіктері жайлы мәлімет алыш, оқып үйренді.

**Сөйлемді: Құн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша тәрбиеші Шамшиева Камшат «Таным» білім беру саласында жаңа технологияларды колдану» тақырыбында шебер сынып өткізді. Шебер сыныбында өзінің асфальт бетінде салынған әр түрлі баланың танымдық қабілетін дамытатын суреттерін көрсетіп, тәжірибе алмасты. Бала далада ойнап жүріп әйтпесе кетіп бара жатып, суреттердің үстінен әрі ойнайды, әрі дамиды деді. Мысалы: сандардың үстінен секіріп ойнап, санның ретін білетінін және таңбасын танитынын айтты. Педагогтарға осындағы әр түрлі суреттер бойынша тапсырмалар орындағып, ойындар ойнатып іс жүзінде қалай өткізілетінін көрсетті.

**Жарыссызге шыққандар:** тәрбиеші Шамшиева Камшат сөйлем, шебер сыныптың маңыздылығы, балаларды жан – жакты дамытудағы пайдасы көп екенін айтты. Асфальт бетіндегі суреттер балаға өте қызықты екенін айттып, баяндамашыға жақсы пікір айтты.

Тәрбиеші Асемова Назгул сөйлем, шебер сыныптың өзінің педагогикалық жұмысына көмегін тигізгенін айттып алғыс білдірді.

Басшы Ахметова Лаззат Абдикалыққызы сөйлем, шебер сыныптың балаларды пайдасы көп екенін айта келе, тағы да кандай суретті тапсырмалар косуға болатынына ұсыныс айтты. Түстері бойынша шарлардың суретін салып, оған математикалық есептер жазып қою, кеңістікті бағдарлауға бағыттар салу сияқты ұсыныстар айтты. Ұсынысты педагогтар колдады.

Әдіскер Саурамбаева Майра баяндамада айтылған мәселелер тәрбиешілерге жақсы көмек болғанын айта келе, баяндамашының ізденісіне, баяндаманың құндылығына он баға берді.

**Сөйлемді: Құн тәртібіндегі төртінші мәселе** бойынша әдіскер Саурамбаева Майра сөйлем, бөбекжай-бакшадағы топ бұлдіршіндерінің жарты жылдық білімінің қорытындысын айтты. Бес білім беру саласы бойынша педагогтар бакылау парагын толтырып, білім деңгейлері анықталғанын айтты. Индикаторлар бойынша баға қойылып, үлгілік оку бағдарламасын менгеруі бойынша жеке даму карталары арналып, жеке жұмыстар жүргізілуде деді. Үлгілік оку бағдарламасын менгеру пайызы Мектепалды даярлық «Балапан» 70%, «Ботакан» тобы 69 %, Ересек

«Балауса» тобы 67 %, ортанғы «Балдәурен» 64 %, «Жұлдыздар» тобы 65 % көрсетті деп айтты.

**Жарысөзге шыққандар:** Басшы Ахметова Лаззат Абдиқалыққызы сөйлеп, балалардың бағдарламаны менгерту ең маңызды мақсатымыздың бірі екенін айта келе, балалармен жеке, топтық жұмыстарды жоспар бойынша жоғары деңгейде жүргізе беруді тапсырды. Төмен деңгейдегі балалармен пән мұғалімдері, педагог- психолог жеке жұмыстар жүргізіп, деңгейін көтеру керек деді.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Өткен №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. 2022 жылғы 9-қыркүйектегі № 394 бұйрықпен бекітілген «Үлгілік оқу бағдарламасын» оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Таным» білім беру саласында жана технологияларды қолдану» атты шебер – сыныпта көрсетілген технологиялар оқу қызметтерінде қолданылсын.
4. Балалар білімінін жарты жылдық корытындысы «жақсы» деп бағаланып, төмен деңгейдегі балалармен педагогтардың жетекшілігімен жеке жұмыстар косымша жүргізілсін.

**Педагогикалық кеңес төраіймыс:**

**Хатшы:**



**Л.А.Ахметова**

**М.Б.Саурамбаева**

## Педагогикалық кеңестің хаттамалары

### №4 хаттама

Откізілген орны: "Балаби" бөбекжай-бакшасы

Откізілген күні: 27.03. 2023 жыл.

Педкенес мүшелерінің барлығы: 14 адам

Қатысқаны: 11 адам

Қатыспағандар саны: 3 Себепті: 3 Себепсізі: жок

Қатысқандар: Бөбекжай –бақша басшысы Л.А.Ахметова , әдіскер, музика жетекшісі, , психолог және балабақша тәрбиешілері  
Педкенестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

**Шығармашылық , зерттеушілік қабілеттерін, әлеуметтік –  
эмоционалдық дағдыларын дамыту**

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. Дөңгелек үстел. «Вариативтік оқыту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемелері мен жаңаша технология тәсілдерін қолдану»

#### **3. Шығармашылық тақырып:**

« Үлттық тағамдар»

4. Оку - тәрбие жұмыстарының откізілу барысы туралы

5.Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру корытындысы.

**Сойледі:** Педкенесті бөбекжай-бақша басшысы Ахметова Лаззат Абықалыккызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Тыңдалды: күн тәртіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжай-бақшаның әдіскері Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлем өткен № 3 педкенес шешімдері орындалғанын айтты.

Сойледі: Күн тәртіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Саурамбаева Майра Бекеновна сөйлем «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемелері мен жаңаша технология тәсілдерін қолдану» тақырыбында бір – бірімізben пікір алmasып, дөңгелек үстел откізілетінін айтты.

**Жарыссеzге шыққандар:** тәрбиешілер Асемова Назгул өздері тәрбиешілік қызмет аткаралын кіші «Жұлдыздар» тобы бүлдіршіндері жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын менгерулері кажет екенін айтты берді.

Ересек «Балауса» тоңтың тәрбиешілері Жолдасова Каламқас, Абилдаева Айгерим сөйлем, өздері оқу қызметтерін откізетін балалармен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жас ерекшеліктеріне қарай қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы ерекшеліктерін атап өтті.

«Балапан» МАД тобының тәрбиешілері Есимбаева Орынкул және Алшымбаева Эльмира бүлдіршіндеріне үлгілік оқу бағдарламасы бойынша нені менгерту керек екені жайлы айтты.

Дөңгелек үстелді корытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бүлдіршіндерге нені менгерту керек екендіктері жайлы мәлімет алып, оқып үйренді.

**Сейледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжай-бакша тәрбиешісі Адишева Замира «Ұлттық тағамдар» әдістемесін оқу кызметтеріне колдану атты шығармашылық тақырыбы бойынша шебер сынып өтті.

Қазак халқының сүттен жақалған ұлттық тағамының бірі құртты түрлі түсті етіп бояп, балалардың қабылдау, ойлау кабілеттерін, зейінін дамытуға болатынын айтты. Математика негіздері оқу кызметінде санауға, түстерін ажыратып үйретсең, мүсіндеуде қол моторикасын дамытамыз деді. Сонымен қатар балалардың ұлттық тағамдарға деген кызығушылығын оятатынын айттып, Ұлттық тағамдардың жасалу жолдарын педагогтарға көрсетті.

**Жарысөзге шыққандар:** тәрбиеші шығармашылық тақырыбының Ұлттық тағамдарды түрлі түске боялуы балалардың кызығушылығын оятататынын айттып, оқу кызметтеріне қолдансақ деген ойын айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады. Әдіскер **Саурамбаева Майра** шебер сыныпта айтылған мәселелер тәрбиешілерге жақсы көмек болғанын айта келе, тәрбиешінің ізденісіне оң баға берді.

**Сейледі: Күн тәртібіндегі тортінші мәселе** оқу - тәрбие жұмыстарының откізулу барысы туралы бөбекжайдың әдіскері **Саурамбаева Майра** сейледі. Ұйымдастырылған оқу кызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бакылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық кателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті оқу кызметтерінің откізулуін бакылап жүргенін айтты. Оқу кызметтері оқу кызметтерінің кестесіне сай барлық тоңта откізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу кызметіне дайындығы томен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады деп, оқу кызметтерінің откізулу барысы туралы айтты.

**Сейледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе** бойынша меңгеруші Ахметова Лazzat Абдыкалыккызы сөйлеп, дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру корытындысы туралы айтты. Дидактикалық ойындар жиынтығының картотекасын әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай дайындағанын және ойын шарттары нөмірленіп, колданылатын құрал – жабдықтары папкаларға салынып ұқыптылықпен дайындалғанын айтты. Мектепке дейінгі үйымдардағы жүргілетін оқу-тәрбие жұмыстарында ойын әдісінің маныздылығын айта келе, картотекаларға оң баға берді. Кейбір ойын қуралдарының толық еместігіне толықтыруға ұсыныс айтты.

**Жарысөзге шыққандар: әдіскер Саурамбаева Майра сөйлеп, көрмеге койылған дидактикалық ойындарға жақсы деген баға беріп, әлі де толықтыруды және жаңаша ойындар косуды айтты.**

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Откен №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. «Ұлттық тағамдар» тақырып Шығармашылық жұмыс қолданылсын.
3. Оку - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы жақсы деп бағалансын.
4. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағалансын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:**  
Хатыны:

Л.А.Ахметова  
М.Б Саурамбаева

